

**С. Қ. Алтайбаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты;**

**Д. Т. Ахметов, жедел-іздістіру қызметі кафедрасының аға оқытушысы**

## **ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕРРОРИЗМ МЕН ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ЖОЛЫНДАҒЫ АДАМНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ**

*Аннотация. Мақалада мемлекет үшін қауіпі өте жоғары қылмыстардың бірі терроризм мен діни экстремизм жолына түскен адамның бейнесін криминологиялық талдауға арналған.*

*Түйін сөздер: қылмыс, қылмыстылық, экстремизм, радикализм, діни экстремизм, терроризм, фундаментализм, қоғам, қоғамдастық, мемлекет, кәмелетке толмағандар, құқықтық тәртіп, қылмыстық жауапкершілік, идеология, алдын алу.*

Елімізде қауіпсіздік пен тұтастықты қамтамасыз етудің бірден-бір бағыты терроризмге қарсы тұру болмақ. Соған орай, мемлекет өзінің ұлттық қауіпсіздігін жаңа заманда сақтауда терроризм мен діни экстремизммен күрес жөніндегі барлық он үш халықаралық әмбебап конвенцияға қосылған.

Қазіргі таңда қазақстандық терроризм мен діни экстремизмге қатысты әрекеттерге 2006 жылы Қазақстан Республикасының Жоғары сотымен Қазақстан аумағында қауіптілігін ескере отырып, терроризм мен діни экстремизмді насихаттайтын, мемлекеттің тұтастығы мен тұрақтылығына қол сұғатын діни ағымдар мен ұйымдар деп танылып, олардың қызметіне тыйым салынған.

Дегенмен, мемлекет терроризммен белсенді күрес жүргізіп жатқанымен жылдар өткен сайын Қазақстан аумағында терроризм мен экстремизм бағытындағы әрекеттер өршу үстінде. Оған Қазақстан Республикасы ІІМ Криминалды полиция комитетінің 2014 жылдың алғашқы үш айындағы қорытындысында жасалған ақпараттың сандық көрсеткіштері дәлел бола алады. Ақпаратта ТМД Шекара әскері қолбасшылары Кеңесінің материалдары негізінде дайындалған террористік және экстремистік топтар қозғалысының «Талибан», «Шығыс Түркістан ислам партиясы», «Джамаат Ансаруллак» және «Аль-Каида» сияқты ТМД елдерінің шығысында шекараның тұтастығына қауіп төндіру мүмкіндігін саралаған.

Ал, 2014 жылдың 2 айы ішінде Республика аймағында тіркелген террористік және экстремистік сипаттағы қылмыстар туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі комитетінің мәліметтерінде аталған бағыттағы қылмыстардың барлық ақпараты берілген.

Мақалада терроризм мен экстремизмді үгіттеп, насихат жүргізген адамдарға криминологиялық тұрғыдан баға бергенде, олардың жеке басының ерекшеліктері жөнінде сөз болмақ. Мысалы, 2014 жылдың 2 айында тіркелген 31 қылмыстың 60 пайызы терроризм мен экстремизмге шақырған, басқа адамдарды тартқан, үгіт-насихат жүргізген қылмыстар қатарына жатады. Олардың тұрғылықты жерлері Жезқазған, Ақтау өңірлері, Атырау облысы, Орал қаласы, Алматы облысы мен Алматының өзін қамтыған. Қылмыскерлердің жас шамалары 1984-1991 жылдары туылғандар.

2013 жылдың 27 қарашасында Саяси шешімдер институтына «2011-2012 жылдарындағы Қазақстандағы терроризм» атты ИА REGNUM Шығыс бюросының ұсынған баяндамасында «Халифат солдатты» ұйымдары мүшелерінің жас ерекшеліктеріне назар аударған. Ондағылардың жастары 23-25 жастағы азаматтар болған.

Бұдан шығатын қорытынды, терроризм мен экстремизм жолында жүргендердің орта жас шамасы 23 пен 27. Демек, ақыл-ойы қалыптасу үстіндегілер деп болжаймыз, ал адамның қалыптасу мен дамуынан кейін кемеліне 30-40 жасына жеткенде өз бетінше шешім қабылдау дәрежесіне жетіп, қауіптілігі жоғарлай түседі.

Діни білім деңгейлері мен діни сауаттылықтарына келсек, жалпы қазақстандық діни сауаттылық кенже қалған, оның өзінің тарихи жолы бар. Сондықтан арнаулы діни білімдері бар адамдар саны жеткіліксіз, кейінгі толқынның шеттен діни білім алуларының өзі бұрмаланып, қауіптілігімен ерекшеленген. Діни ұйымдардағы, мешіттердегі қызметкерлердің ішінара діни сауаттылығы, арнайы терең білімнің болмауы немесе шала сауатты болғандықтан таза діннің ақ-қарасын ажыратып, қажетінше насихаттауға қауқарсыз (арабша оқу білмегендіктерінен діни білімдерін ауызекі есту, аудармадан (ол бұрмалануы да мүмкін), уағыздан ғана сауаттана алуы).

Білім деңгейлері шартты түрде жоғары, орта, орта арнаулы деп жіктелгенде терроризм мен діни экстремизм үшін жауапқа тартылғандардың ішінде жоғары білімділер аз кездеседі. Бұлардың өмірлік көзқарастары қалыптасқан. Негізгі бөлігін орта және орта арнаулы білімі барлар құрайды. Бірақ, білім деңгейлеріне қарап бір жақты ұстанымда болу да дұрыс болмайды.

Отбасылық тұрғысынан саралағанда, көбін өмір жолдарында қандай да бір кемшіліктер болғандығын табуға болады. Соған қоса толық, тұрақты отбасынан шыққан адамдар да жоқ емес. Өмір жолында тәрбие, үлгі-өнеге жағынан кемшіліктерді басынан өткерген, рухани жұтандық, рухани толыспаған, рухани тәрбие алуда бұрмаланған адамдар көзқарасын тез өзгертетіндігі, тұрақсыздығы, құндылықтардың бағасын басқаша түсінуі, ерік-жігердің осал болуынан шатасу жолына түсуі деп бағалауға болады.

Ең басты себептердің бірі ретінде қоғамдағы әр адамның өзінің қарапайым қажеттіліктерін өтеудегі қиындық мәселесінен туындамақ. Оларды саяси, құқықтық, әлеуметтік деп жіктесек, әрқайсысының әр адам үшін мәні зор болмаса да алуан түрлі. Біздің қоғамдағы басымы әлеуметтік болса, кейінгілерге құқықтық пен саясиды жатқызуға болады. Әдеттегі қиындықтар, кедергілер, әділетсіздіктер салдарынан қоғамдық қайшылықтардың пайда болуына, тепе-теңдіктің бұзылуына, билік өкіліне деген сенімсіздік, араздық деңгейіне дейін алып келетіні белгілі.

Жоғарыда аталған баяндамада Қазақстандағы терроризм мен діни экстремизмнің өсуі себептерін бірнеше бағытта қарастырған. Онда діни себептерді жаппай исламды насихаттауда вахабизмнің өршуіне жол ашылуда халықтың діни сауатсыздығын ұтымды пайдалануда деп жазады. Үгіт-насихатты қазақ ұлтының орыстанған бөлігіне орыс тілінде вахабизмді еркін жеткізе алулары. Қазақстандық дін өкілдерінің діни ағымдардың ара жігін тани білмеулері де себеп болуда (ұғынбауы немесе қорқулары).

Әлеуметтік себептерге білім беру сапасының төмендеуі, жоғары білім алып шыққан (ақылы білім алуда міндетсіну) студенттің қоғамдағы орнының нақты анықталмауы, қажетсіз мамандық иесі болу, теріс үгіт-насихатқа қарсы тұра білу «қаруының», деңгейінің төмендігі, сыни ойлау қабілетсіздігі, ұрпақтар сабақтастығының үзілуі, тәрбие беретін мықты әлеуметтік институттардың (отбасы, мектеп, ЖОО, әскер, ұжым) рөлінің төмендеуі, құнсыздануы, болса да заманға сай болмау. Қатаң талап, сұраныс, міндеттеудің әлсіреуі, әркімнің «өзім білемнің» басымдығы мемлекет алдындағы парызын төмендетуі немесе жоққа шығаруы, адамның қоғамда өзін керексіз сезінуі, діни ағымдарға тартудағы туыстық бағыныштылық институтының басымдығы.

Экономикалық себептерге жұмыссыздық, төменгі жалақы, қымбатшылық, қаржылық сауатсыздық, білім алудағы қымбатшылық, кейін оның ақталмауы, сыбайлас жемқорлық, таныс-тамырлық, әлеуметтік жағынан төмен адамдардың кедейленуі, әлі де әділетсіз «жабайы» нарықтық қоғамның талаптарына төтеп бере алмауы, құрбаны болуы.

Саяси себептерге құқықтық кеңістіктегі тұрғындар мен биліктің арасындағы алшақтық. Халықтың мүддесін күйіттейтін саяси ұйымдардың жоқтығы. Адамдардың әділдік үшін билік өкілдерінен емес басқадан қорған іздеуі.

Қазақстандық терроризмнің әлеуметтік-психологиялық бейнесін келесідей сипаттауға болады. Терроризм мен діни экстремизм үшін ұсталғандардың өмір деректеріне назар аударғанда жас ерекшеліктері 21-39 жастағы азаматтар болған. Оның басым бөлігі 21-29 жастағылар. Орта жастары 27,9 жасты құрайды.

Айналысатын кәсіптеріне тоқталғанда жұмыссыздармен қоса мемлекеттік қызмет атқарушылар, лауазымды тұлға, жеке кәсіпкерлер де кездеседі.

Соттылығы бар, қылмысты қайталап жасағандар арасында алғашқы 2008 жылдарға дейін бұрын сотталғандар жоқ, кейінгі 2011 жылдан бері сотталғандар саны арта түседі. Себебін жастардың бұрын сотталмағандығымен, сотталғандардың әлі жазадан босай қоймағандығымен және жаза өтеу мекемелерінде де діни экстремизм мен терроризм бағытын ұстанушылардың кірігуімен түсіндіруге болады.

Үгіт-насихат жүргізу белсенділіктері тұрғындар жиі шоғырланған қалалық жерлерде көбіне ғаламтордың көмегімен жүзеге асса, ауылдық аймақтарда үгіт-насихат жеке, топпен ауызша, көзбе-көз жүргізіледі. Әлеуметтік шағын топтар (отбасылық-туыстық, мүдделес-достық, жолдастық, бірге оқу, ұжымдық) арасында насихат жүргізу қолға алынған.

Жалпы психологиялық сипаттамаларына келгенде кейінгі қолға алынған терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрестің нәтижесінде ерекше көзге түсетін сыртқы келбеттерін өзгерткен (сақал, мұрт қоймайды, киім үлгісін де өзгерткен). Әрекеттері жасырынға көшкен. Дегенмен де, өздеріне тән ерекшеліктері келесідей: жеке басының түпкілікті өзгергені – ұстанымына байланысты болып тұр. Әдетте, олардың бойында агрессия пайда болады. Ортақ мүддеге ұмтылу белсенділігі артады. Барлығын өздерінің қас жауы деп қабылдау ұстанымы. Шектен шыққан фанатизм. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сал-дәстүрлерді жоққа шығару. Топтық мүдделеріне соқыр сеніммен қарау. Қоғамнан жатсыну. Өш алуда, кек алуда, әділеттілікті орнатуда бұрмалаушылық. Жеке басының тарихи деректерінде балалық шағында ақау болған.

Криминологиялық тұрғыдан жеке басына тоқталғанда, көп жағдайда ұсақ қылмыстарды кездейсоқ жасағандар. Қорытындылардың мәліметтерінде (78 пайызы) қоғамнан оқшауланғандар, мәдени және әлеуметтік тамырларынан ажырағандар, отбасы мен жолдастарынан бөлініп кеткендер. 155 адамның 154-і терроризм мен діни экстремизм жолына түскенге дейін дінсіз болған.

Айналысатын кәсібі, мамандығы жұмысына сәйкеспейді. Аталған жолға түсудің себептері келесідей негізделеді – бұрынғы жолдастық, таныстар ортасы, достарының топтасуы, туыстық байланыстары, ағайындары, отбасылық-тұрмыстық жұбайының әсері (бағыныштылық), бірге оқитындар, жастардың жаппай дінге тартылуына орай діни орындарда жаңа таныстар табуы, мешіттердегі (Қазақстанда 2408 суниттік мешіттер бар) исламды үгіттеу өспесе кемімеуі — вахабизмнің таралуына әсер етуде, жазасын өтеу мекемелеріндегі сотталғандардың тез үгітке көнуі (өзіндік себептері жетерлік), төмен әлеуметтік деңгейдегі адамдар, компьютерді еркін меңгерген космополиттер (тілі, діні, ділі өзгергендер немесе өзінікі жоқ), рухани жұтан адамдардың көбеюі.

Қызығушылықтары дерлік діни бағытына қарай бұрмаланып, басқа бағыттары шектелген, мүмкін спорт, қаруға деген қызығушылықтары бар. Жастар ортаға кіргеннен кейін өздерінің бұрынғы «ермектерінен» (домбыра шерту) бас тартады. Табыс көздері төмен немесе мүлдем жоқ. Бір-біріне көмектесе отырып күн көреді, материалдық қамтылу деңгейлері төмен. Криминалды әрекеттермен жиі айналысып, бірінің арқасынан бірі күн көреді. Араласу ортасы қазақ қауымына тән емес,

шектеулі, әлеуметтік желінің өзінде көп емес. Бұрынғы байланыстарын үзіп, жалғыздыққа (діни сенімнің әсері) ұмтылуы басым.

Әлеуметтік топтардың қатарын бұрын сотталғандар, қалаға келген маргиналдар, мектеп бітіріп жұмыссыз қалғандар, өміріне риза еместер, билік органдарынан өзі немесе туыстарының бірі зәбір көргендер, Өзбекстан мен Тәжікстаннан келген келімсектер құрайды.

### **Резюме**

В статье дается криминологический анализ особенностей формирования личности преступников, совершающих преступления, связанные с терроризмом и религиозным экстремизмом.

### **Resume**

The criminalistic analysis and peculiarities of personal forming of criminals committed terroristic crimes and crimes connected with religious extremism is given in the article.